

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 тамыздағы N 1258 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 19 қаңтар N 97. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 23 тамыздағы N 733 (ресми жарияланғаннан кейін жиырма бір күн мерзім өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 23 тамыздағы N 733 (ресми жарияланғаннан кейін жиырма бір күн мерзім өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Этил спирті мен алкоголь өнімін өндіруді, этиль спиртін сақтау мен сатуды, алкоголь өнімін (сырадан басқа) сақтау мен көтерме сатуды, сондай-ақ алкоголь өнімімен (сырадан басқа) бөлшек сауда жасауды лицензиялаудың тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 тамыздағы N 1258 Р991258_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., N 43, 388-күжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Этил спирті мен алкоголь өнімін өндіруді, этил спиртін сақтау мен сатуды, алкоголь өнімін (сырадан басқа) сақтау мен көтерме сатуды, сондай-ақ алкоголь өнімімен (сырадан басқа) бөлшек сауда жасауды лицензиялаудың тәртібінде:

34-тармақ мынадай мазмұндағы 6) және 7) тармақшалармен толықтырылсын:

"6) алкоголь өнімін Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен белгіленген ең төменгі бағадан кем сатпауға;

7) этил спиртін сатудың уәкілетті орган белгілеген тәртібін сақтауға;"

35-тармақ мынадай мазмұндағы 9) және 10) тармақшалармен толықтырылсын:

"9) нормативтік-техникалық актілерде көзделген есеп құжаттамасының кемінде екі жыл сақталуын қамтамасыз етуге;

10) Сериялы шығарылатын этил спирті мен алкоголь өнімін (сырадан басқа) жылына кемінде бір рет, ал рецептуралары, технологиялық процесі немесе өндірістің режимі өзгерген жағдайда - өнімді сериялық өндіріске енгізгенге дейін дәм айыру комиссияларына ұсынуға."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК